



АПАТТАН ҚҰТҚАРАР ЕДІ...

5-БЕТ | ОҚИҒАҒА ОРАЙ...



СУИЦИД – ҚОҒАМ ҚАСІРЕТІ

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан бұрыннан Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы алтын көпір саналады. Еліміз көп жағдайда ұлы Еуразия даласының мәдениетіне, тарихына сай келеді. Біз осынау мұрамызды мақтан тұтамыз. Дәл осы үздіксіз тауар, мәдени жетістіктеріміз бен идея алмасу арқылы Қазақстанның өзіндік ұлттық бірегейлігі және оның ерекше көпжақты ынтымақтастыққа негізделген бренді қалыптасты. Геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Орталық Азияда да экономикалық локомотив қызметін атқарып отыр. Біз шетелден кең көлемде инвестиция тартуды жалғастырамыз және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін барынша жағдай жасаймыз.

№130
(4563)
Бейсенбі
2 қараша
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPAPAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖҰМЫССЫЗДАРДЫ ТІРКЕУ ӨЗГЕРДІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24 қазандағы бұйрығымен жұмыс іздеушілерді, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Енді жұмыссыздарды тіркеуді «Еңбек ұтқырлығы орталығы» жүргізеді. Бұрын тіркеумен жергілікті жұмыспен қамту органдары айналысатын.

Жұмыс беруші бос жұмыс орындарының бар-жоғы туралы ақпаратты олар пайда болған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде еңбек жағдайлары мен төлемақыны көрсете отырып, eпbeк.kz порталының мансап орталығына жібереді. Содан кейін «Еңбек ұтқырлығы

орталығында» тіркелген жұмыссыз адам жұмысқа орналасу мәселелері бойынша жұмыс берушіге әңгімелесудің уақыты мен орны туралы мансап орталығы хабарлаған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде жүгінеді.

Бұрын жұмыс берушілер ақпаратты жазбаша түрде ғана берілетін және өтініш беру мерзімі 5 жұмыс күні ішінде болатын.

Бұйрық 2023 жылғы 11 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.


КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Елорда тұрғындары үшін 4,5 тонна көмір жеткізілді.

Бүгінгі таңда қала тұрғындары суық ауа райын күтпестен көмірді алдын ала сатып ала бастады. Қалалық көмір қоймасының меңгерушісі Ерлан Қашкеновтің айтуынша, көмір қоры жеткілікті, тапшылық пен қатты дүрбелең жоқ, вагондарды беру және әкету уақытылы жүргізіледі. Күніне 130-ға дейін көмір тиелген автомобиль шығары-

лады. Шұбаркөл және майкөбе сияқты көмір сорттары сұранысқа ие болып отыр. Шұбаркөл көмірінің құны – тоннасына 15300 теңге, Майкөбе – тоннасына 13800 теңге.

Жылыту маусымына дайындық басталғаннан бері «ҚТЖ – Жүк тасымалы» компаниясы Астанаға 320 мың тонна, яғни 4,6 мыңнан астам вагон көмір жеткізді.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Қазақстанға ресми сапармен келген Франция Президенті Эмманюэль Макронмен келіссөз жүргізді. Келіссөз алдында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін Шығыс залына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронға ілтипат білдіріп, жылы қарсы алды.

«Президент мырза, біз үшін бүгін үлкен оқиға. Сіздің сапарыңызды бәріміз құптаймыз. Менің шақыруымды қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық жақсы дамып келе жатыр. Дегенмен екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беру керек. Сондықтан сіздің сапарыңызды

тарихи, өте маңызды деп айтуға болады. Бүгінгі келіссөздер нәтижелі болатынына сенімдімін. Оған ешқандай күмәнім жоқ» деді Президент.

Мемлекет басшысы Франция Қазақстанның Еуропа Одағындағы басты және сенімді серіктесі, сондай-ақ ел экономикасының ірі инвесторының бірі екенін атап өтті. Өз кезегінде Эмманюэль Макрон Қазақстан мен Франция арасындағы байланыстарға жоғары баға берді.

«Президент мырза, ресми сапармен келуге шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Астанаға келіп, Сізбен жүздесіп отырғанды қуаныштымын. Осы сапарды ұйымдастырғаныңызға ризашылығымды білдіремін. Бұл сапар біздің екіжақты серіктестігіміз үшін маңызды жылымен тұспа-тұс келіп отыр. Бүгін біз өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасып, БҰҰ Жарғысын, соның ішінде аумақтық тұтастық, ұлттық тәуелсіздік қағидаларын сақтауға

бейілді екенімізді тағы да нақтылай аламыз. Сонымен қатар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылаймыз. Біз экономикалық тұрғыдан серіктес елдерміз. Сондай-ақ Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық-стратегиялық әріптестігімізді одан әрі дамыта түсетін маңызды келісімдерге қол қоямыз. Сізбен жүздесіп, ортақ күн тәртібін талқылау мүмкіндігі туғаны үшін қуаныштымын» деді Франция Президенті.

(Соңы 2-бетте)

4-5 ҚАРАШАДА

«Астана Арена» стадионы алдындағы алаңда Қарағанды мен Ұлытау облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді. Тауар өндірушілер ет пен балық, жарма мен сүт, көкөніс пен жемістің түр-түрін ұсынады.



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.09 \$ USD/KZT 469.67 ₸ RUB/KZT 5.11 ¥ CNY/KZT 64.21

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№130 (4563) 02/11/2023 Бейсенбі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттер басшылары қазақ-француз стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады. Саяси диалогты нығайтуға, сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Екіжақты кездесуден кейін мемлекеттер басшылары келіссөздерді екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмманюэль Макрон екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Франция Президентінің Астанаға алғашқы сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытуға тың серпін беретінін және көпжақты ынтымақтастықты мүлде жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік жасайтынын атап өтті.

«Франция – Қазақстанның Еуропа Одағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Былтыр өзара тауар айналымы 30 пайызға өсіп, 4 миллиард долларға жетті. Биылғы сегіз айда екіжақты сауда-саттық көлемі өткен жылмен салыстырғанда 21 пайызға артты, яғни 2,7 миллиард долларды құрады» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Франция бұған дейін ел экономикасына шамамен 18,7 миллиард долларға жуық инвестиция салған. Энергетика, құрылыс, аэроғарыш, фармацевтика, тау-кен және химия өнеркәсібі, машина жасау салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронның өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға қосқан жеке үлесін ерекше атап өтіп, екі ел халықтарының игілігі жолындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға Қазақстанның дайын екенін жеткізді.

Келіссөз барысында тараптар жасыл энергетика, логистика, транзит, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, цифрландыру және білім беру салаларындағы алдағы ықпалдастықтың басым бағыттарын айқындады. Мемлекет басшысы мәдени байланыстарды дамытуға ерекше назар аударып, француз мәдениеті мен тілін Қазақстанда ілгерілету қажет екенін айтты.

Өз кезегінде Эмманюэль Макрон екі ел арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы келісімнің қабылданғанына 15 жыл толғанын атап өтіп, Францияның өзара мүддені көздейтін түрлі саладағы екіжақты байланыстарды одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

«Екіжақты экономикалық қарым-қатынастар, соның ішінде ауыл шаруашылығы, энергетика, жаңартылатын энергетика салаларындағы байланыстар алдағы



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

уақытта тың серпінмен дамиды деп ойлаймын. Біз бұрынғы жобаларға да, жаңа бастамаларға да инвестиция салуды қолдаймыз. Бүгін өте өзекті мәселелерді талқыладық. Бұдан бөлек мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығымыз да қарқын-

дәйімді болды. Бүгінде біз энергетика, атом өнеркәсібі, тау-кен, химия, машина жасау, құрылыс заттарын өндіру, аэроғарыш және фармацевтика салаларында маңызды жобаларды жүзеге асырып келеміз. Елімізде Alstom, Total Energies,

өздеріңіз куә болдыңыздар. Бұл келісімдер екі ел үшін де пайдалы болмақ. Жоспарланған шараларды тиімді іске асыру мақсатында бірлескен инвестициялық жобаларды министрліктер деңгейінде ілгерілету керек. Ол үшін арнаулы жұмыс тобын құруды ұсындым» деді Президент.

Сонымен қатар екіжақты келіссөздер барысында «жасыл» экономикаға көшуге және климаттың өзгеруіне қатысты мәселелерге назар аударылған. Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронға екі елдің мүддесіне сай келетін бірқатар нақты ұсыныс айтқанын, еліміз Францияның «One Planet Summit» бастамасы аясында бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін нақтылағанын мәлімдеді.

Бұған қоса, президенттер мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың маңызды екенін ескеріп, білім және ғылым бағыттарындағы жобаларды жүзеге асыру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізген. Мемлекет басшысы француз мектептерін ашуға, француз тілін үйретуге, академиялық байланысты арттыруға бағытталған бірқатар келісімге қол қойылғанын айтты.

Екі ел басшылары аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, әлемдегі түрлі саяси шиеленістер мен түйткілдер бойынша дипломатиялық жолмен шешілуге тиіс деген байламға келген.

Өз кезегінде Франция Президенті Эмманюэль Макрон Қазақстанға сапармен келуге шақырғаны үшін Президентке алғыс айтып, екі елдің ынтымақтастығын одан әрі кеңейту қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстан мен Францияның ұстанымдары көптеген мәселе-



ды дамып келеді. Білім-ғылым салаларында нақты келісім бар. 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақ-француз университеті өз жұмысын бастайды» деді Франция Президенті.

Сонымен қатар екі ел басшылары өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге қатысты тұрақты қарым-қатынастың маңыздылығына назар аударып, халықаралық ұйымдар аясындағы диалогты тереңдету қажет екенін атап өтті.

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эмманюэль Макрон бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Президент, ең алдымен, шақыруын қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгені

жыл толды. Достық пен өзара қолдауға негізделген осы ынтымақтастықты одан әрі нығайту – ортақ міндетіміз. Біз бірге күш жинап, көздеген мақсатқа жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Сондықтан бүгінгі сапардың мән-маңызы айрықша» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Президент Эмманюэль Макронмен мазмұнды келіссөз жүргізіп, екіжақты байланысты нығайту жөнінде нақты келісімдерге қол жеткізгеніне назар аударды.

«Франция – Қазақстанның ең ірі сауда серіктесінің бірі. Биылғы сегіз ай ішінде сауда-саттық көлемі өткен жылмен салыстырғанда 21 пайызға өсті. Яғни 2,7 миллиард долларға жетті. Сондай-ақ Франция негізгі шетелдік инвесторларымыздың қатарына кіреді. Соңғы 15 жылда Франциядан Қазақстанға 18,7 миллиард долларға жуық

Orano, Vicat сияқты 170-тен астам француз компаниясының табысты жұмыс істеуі – соның айқын дәлелі» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, келіссөздер барысында сауда, экономика және инвестиция салаларындағы ықпалдастықтың ауқымын кеңейтуге баса мән беріліп, шикізат, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика, жеңіл өнеркәсіп, денсаулық сақтау, инновация, қаржы және басқа да секторларда тың жобаларды қолға алу маңызды екені атап өтілген.

«Бұл, әсіресе, қазіргі күрделі геосаяси және геоэкономикалық ахуал кезінде аса өзекті. Осы ретте Стратегиялық минералдар саласындағы ынтымақтастық ниеті туралы декларацияға қол қойылды. Сондай-ақ Boehringer Ingelheim, Total Energies, Alstom компанияларымен келісімдерге қол жеткіздік. Оған жаңа гана

лерде сәйкес келетініне назар аударды.

«Сіздің еліңіздің рөлі мен географиялық орналасуы, сондай-ақ оның аумағының үлкендігі біз үшін өте маңызды. Сондықтан бүгін экономикалық ынтымақтастығымыз жан-жақты талқыланды. Бүгін қол қойылған құжаттар – осының айғағы. Президент мырза, Сіз Қазақстанда жұмыс істеп жатқан француз кәсіпорындарының маңызына арнайы тоқталдыңыз. Француз компаниялары сауда және энергетика салаларында ұзақмерзімді серіктестік орнатты. Компанияларымыздың басқа да салаларда бірлесіп жұмыс істегенін қалаймыз. ынтымақтастықтың негізгі бағыттары белгілі. Олар – энергетика және аэроғарыш өнеркәсібі салалары» деді Эмманюэль Макрон.

Сонымен қатар Франция Президенті Қазақстанның әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

«Компанияларымыз бұл іске оң септігін тигізе алатынына сенімдімін. Біз нарықты нығайтуға үлес қоса аламыз. Бұл ретте аусылға қарсы вакцина өндірісі жобасын жүзеге асыру туралы маңызды келісімге қол қойылды. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласында орнатылған серіктестіктің келешегі зор. Президент мырза, Сіз халықтарымыз арасындағы байланыстардың маңызды екенін айттыңыз. Біз білім беру бағытындағы ынтымақтастыққа қатысты бірқатар келісімдерге қол қойдық» деді Франция Президенті.

Келіссөздер нәтижесінде Қазақстан мен Франция басшылары Бірлескен мәлімдеме жасады және екі елдің ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарға қол қойды:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстанда Француз даму агенттігі тобын құру және оның жұмыс істеуі туралы келісім;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасында халықаралық (француз) мектептер ашуға және Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында француз тілін оқытуға қатысты келісім;

Франция мен Қазақстан арасындағы стратегиялық пайдалы қазбалар бойынша ынтымақтастық туралы бірлескен ниет декларациясы;

«QazBioPharm «ҰХ» АҚ мен Boehringer Ingelheim Animal Health France компаниясы арасында Қазақстан Республикасында аусылға қарсы вакцинаны жергілікті өндіру бойынша ынтымақтастық, лицензия және жеткізу туралы келісім;

Энергияны жинақтау жүйесі бар, жиынтық қуаты 1 ГВт жел электр станцияларын салу жобасы бойынша бірлескен кәсіпорын туралы келісім;

«Қазақстан Республикасында теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрамды, сондай-ақ теміржол техникасының қосалқы бөлшектерін өндіру және оларға сервистік қызмет көрсету» жобасын іске асыру жөніндегі инвестициялар туралы келісім.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Таяу Шығыстағы қақтығыс – әлем экономикасына соққы.

Дүниежүзілік банк сарапшылары шиеленіс әрі қарай жалғаса берсе, мұнай бағасы 75 пайызға дейін қымбаттауы мүмкін деген болжам жасады. Бұл әлем экономикасын қазіргіден «екі есе энергетикалық күйзеліс» жағдайына әкеп соқтырады. Шиеленіс жалғаса берсе, мұнай бағасы аспандайды. Соңғы үш аптаның өзінде қара алтын құны шамамен 6 пайызға өсті.



Газа секторында қаза болғандардың 70 пайызы – әйел мен бала.

Бұл туралы БҰҰ-ның палестиналық босқындар ісі бойынша Таяу Шығыс агенттігінің басшысы Филипп Лазарини мәлімдеді. Save The Children ұйымы Газада 7 қазаннан бері 3195 бала қаза тапқанын мәлімдеген. Ал Газа секторын бақылап отырған ХАМАС аймақта 8300 адам қаза тапқанын, опат болғандардың 3400-і бала екенін айтқан.



Грузия астанасы Тбилисиде көне көліктер көрмесі өтті.

Онда 1900-1994 жылдар аралығында шыққан автомобильдер көпшілік назарына ұсынылды. Ең көмескі тартқан көлікке 88 жыл толса, жаңасының өзі 30 жылға жуықтаған. Грузия 2 жылдан бері тарихи көліктер ассоциациясына мүше. Содан бері ел аумағында ретро стильдегі транспорттардың көрме-жәрмеңкесін ұйымдастыру дәстүрге айналған.

ҮЛЕСКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек құрылысы ұзаққа созылған бірқатар тұрғын үй кешені үлескерлерімен кездесті.

«Бас қалада құрылысы ұзаққа созылған бірқатар нысан бар. Олар: «Территория комфорта-1»-дің 2-кезегі, «Триумф Сити», «Future home» тұрғын үй кешендері. Үлескерлердің жалпы саны – 800-ге жуық отбасы. Мәселен,

«Территория комфорта» тұрғын үй кешенінің құрылысы осыдан 20 жылдай уақыт бұрын басталған. Техникалық тексеру кезінде ғимараттың апатты жағдайда екені анықталды. Тиісінше, апатты күйдегі тұрғын үй кешенінің барлық блогын бұзу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. 2021 жылы «Территория комфорта» ТК бірінші кезегінің құрылысы аяқталып, 100-ден астам үлескер отбасы пәтер кілтін алған. Қалған блоктар бойынша жұмыс жүріп жатыр» деді елорда әкімі.

Жеңіс Қасымбек «Триумф Сити» мен «Future home» тұрғын үй кешендерінің құрылысы 10 жыл бұрын басталғанын, «Future home» тұрғын үй кешенін өткізу кезінде 4 және 7 қабаты ғана салынғанын еске салды.

«Биыл құрылысы ұзаққа созылған 30 тұрғын үй кешенін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Олардың бір бөлігін қазірдің өзінде аяқтадық. Үлес құрылысы нысандары бойынша қадамдық іс-шара жоспары бар. Құрылысы ұзаққа созылған нысандардың аяқталуы Мемлекет басшының тікелей бақылауында» деді Жеңіс Қасымбек.



МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Астана қаласының мәдениет саласы қызметкерлері «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, «Құрмет» грамотасымен және алғыс хатпен марапатталды.



Республика күні мерекесі аясында өткен іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысып, марапатталған үздік қызметкерлерді құттықтап, елорданың мәдениет саласының дамуына, рух-

ни байлығымыздың еселене түсуіне өлшеусіз үлес қосып жүргендері үшін алғыс айтты.

Марапат алғандар қатарында Мәдени іс-шараларды өткізу дирекциясы директоры Бағдат Бекмадина,

Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония қызметкері Халида Былкилова, М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының актрисасы Ульяна Штильман және басқалары болды.

КҮШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМГЕ КӨШТІ

Қылышын сүйреп қыс келе жатыр. Алғашқы қар да жауды. Елорданың коммуналдық қызметтер саласы толықтай күшейтілген режимде жұмыс істеуге көшті.



Құз-қыс мезгілінде елорданың 5 ауданында қала аумағын санитарлық тазалау жұмысына 2 мыңнан астам арнайы техника және жауын-шашын көп болған жағдайда 3 мыңға жуық жол жұмысшысы жұмылдырылады.

Коммуналдық қызметтер саласы қала аумағын жылдам тазарту үшін қажетті жабдықтармен және материалдармен қамтамасыз етілген. Бірінші кезекте жол-аулаушылар маршруттары қатынайтын жолдар, аядамалар, орталық көшелер тазартылады.

Қар полигондары самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, бейнебақылау камералары орнатылған, жарық қосылған.

Перуде әлемдегі ең танымал мумиялардың бірі – 500 жыл бұрын Анд тауларында құрбандыққа шалынған инктердің мұз қызының бейнесі жарияланды.

1995 жылы мумияны тапқан кезде мұндай технология болмағандықтан, қыздың келбетін қалпына келтіре алады деп үміттенуге де мүмкіндік бермеді. Дегенмен мұз қыздың ДНҚ және басқа да нақты дәлелдерге негізделген беттерді модельдеу әдісін әзірлеуге 30 жыл уақыт жұмсалған.



АҚШ-тағы екі партияның сенаторлары АҚШ өкілдер палатасында республикашылар ұсынған жобаны қаржыландыру мәселесін талқылады.

Жобада Израильге көмек көрсету үшін 14,3 миллиард доллар қаржы бөлу ұсынылған. Украинаға көмек көрсету мәселесі қамтылмаған. Егер заң жобасы қабылданса, Президент Джо Байден оған veto қоюы мүмкін. Байден бұған дейін Конгреске Израиль мен Украинаға көмектесуге, Үнді-Тынық мұхиты аймағында Қытаймен бәсекелестікті күшейтуге 1106 миллиард доллар қаражат бөлу туралы өтініш берген.

Бас қала тұрғындары үшін №5, 8, 11, 15 қалалық емханалар мен №1 көпбейінді балалар ауруханасының орталық зарарсыздандыру бөлімшесі ашылды.

ЕМХАНАЛАРҒА – КЕШЕНДІ КӨМЕК



Көптеген медицина мекемелерінде кешенді жоспар аясында лифт жабдықтары мен шатырлар ауыстырылып, медицина жабдықтары сатып алынды.

– Жыл соңына дейін «Астана қаласының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» шеңберінде бас қаламызда №1, 4, 14 емханаларда, «Қалалық

психикалық денсаулық орталығы», Ы.Дүкенұлы көшесі, 12 және Сарыарқа даңғылында орналасқан қалалық жедел медициналық жәрдем станцияларында, сондай-ақ, №13 қалалық емхананың жылу трассасын қайта орнату бойынша күрделі жөндеу жұмысы аяқталды, – деп мәлім етті Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

ЕСІЛДІҢ БАЛЫҒЫ КӨБЕЙДІ

Күйгенжар кентінің аумағында Есіл өзеніне күзгі балық жіберу жұмысы жүргізілді. Бұл іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы өткізді.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Елдің солтүстік өңірлеріндегі су айдындарында шортан, көксерке, алабұға, мөңке, қарабалық, дөңмандай, тұқы (сазан), ақ амур және тағы басқа балық түрі кездеседі. Астана қаласының аумағындағы Есіл өзені мен көлдерге ақ амур мен тұқыны көп жібереді. Себебі ақ амур шөптің балансын сақтап, шылау мен балдырдың шамадан тыс көбейіп кетпеуіне әсер етеді. Тұқы қорек талғамайды, тұзды және тұзды суда да өмір сүріп, тез өсіп, көбейеді.

Шығыс Қазақстан облысын елдің балығы ең көп өңірі деуге болады. Бұл облыстың су айдынында 59 ірі кәсіптік балық аулау учаскесі және 97 шағын балық шаруашылығы бар. Соның бірі – «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС. Серіктестік мемлекеттік тапсырыс аясында балықтандыру жұмысын өз мойнына алып, 10 қазанда 100 мың дана тұқы балығын, 31 қазанда

тағы 100 мың ақ амурды жеткізіп, Есіл өзеніне жіберді.

– Тұқы да, ақ амур да қармақты тез қабады. Осы себепті әуесқой балықшылар үшін қажетті. Оның үстіне, балықтың бұл екі түріне нарықта үлкен сұраныс бар. Осы себепті «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС Есілге көбінесе тұқы мен ақ амурды жібереді. Әрі өзенге балық жіберу көктем және күз айларында тұрақты өткізіліп келеді, – деді Астана қаласы Есіл облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы бөлімінің басшысы Жангелді Қарабаев.

Өзенге балық жіберу іс-шарасына Есіл облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы, Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы, Ақмола облысы бойынша «ВД» балық шаруашылығы қауымдастығы және «Балық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС солтүстік филиалының қызметкерлері қатысты.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**АЙНАЛАНЫ
АБАТТАНДЫРУ –
БАСТЫ НАЗАРДА**

Биыл тамыз айында Есіл ауданының құрылғанына 15 жыл толды. Бүгінде бұл елді мекен қарқынды дамып келеді. Әсіресе соңғы жылдары тұрғындарының саны өте тез өсті. Олардың қолайлы өмір сүруі үшін жағдай жасалып, әлеуметтік нысандар салынууда, саябақтар мен тынымбақтар саны артуда, жолдар мен көшелер абаттандырылууда. Алда атқарылар міндет те ауқымды.

Қаладағы №66 мектеп Есіл ауданының аумағында орналасқан. Аудан әкімдігі баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, биыл осы білім ошағының айналасындағы 200 шаршы метрге жуық жердің төсеніші ауыстырылды. Мұнда 2009 жылдан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Сонымен бірге Ақмешіт көшесінде осындай жұмыстар аяқталып, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған тегіс пандустар және антигитран қоршаулары орнатылды.

Көктемде саябақтар мен гүлзарларда абаттандыру элементтерін жөндеу жұмыстары басталған болатын. Осылайша, Ботаникалық бакта ішінара жөндеу жүргізілді. Өткен жылы тұрғындардың өтініші бойынша орталық кіреберіс қосымша пандустармен жабдықталған болатын. Бұл маңда тұрақты негізде санитарлық тазалау және суару жұмыстары жүргізіліп келеді.

Нұржол бульвары белсенді түрде абаттандырылууда. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, шамамен 130 шаршы метр гранитті плиталар жөнделді, 500-ден астам орындық сырланды. Керей-Жәнібек хандар көшесінің бойындағы «Soho» тұрғын үй кешені тұрғындарының өтініші негізінде жақында осы аумаққа бағдаршам қондырғысы орнатылды. Алдағы уақытта жаяу жүргіншілер жолын абаттандыру жоспарланып отыр.

Достық, Д.Қонаев көшелері, Мәңгілік ел даңғылы алаңындағы жаяу жүргіншілерге арналған жолдарды абаттандыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп, қозғалыс мүмкіндігі шектеулі адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып, кеңейтілген пандустар салынды. Сол жағалаудағы халық ең көп жүретін көшелердің бірі болғандықтан, бұл көшелерде демалуға арналған орындықтар, қоқыс жәшіктері орнатылды. Балалар алаңдарын жөндеу-қалпына келтіру ауданның 11 ауласында жүргізілді. Шағын сәулеттік формалар ауыстырылып, асфальт жабыны төселді. Барлық жұмыстарды жүргізу барысында тұрғындардың тілегі барынша ескерілді.

Пригородный тұрғын алабында жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қалалық Білім басқармасымен бірлесіп

**ЕСІЛ АУДАНЫНДАҒЫ
ЕҢСЕЛІ ІСТЕР**

Елордадағы ең жылдам өсіп келе жатқан ауданның бірі – Есіл. Жалпы аумағы 200,22 шаршы километр жерді құрайтын бұл аудан халқының саны – бүгінде 240 315 адам. Газетіміздің осы санында елорданы көркейтуге елеулі үлес қосып келе жатқан Есіл ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тыныс-тіршілігіне тоқталғанды жөн көрдік.

№24 мектептің жанындағы төсем ауыстырылды. Сонымен қатар, Мәңгілік ел даңғылындағы тұрғын үйлердің декоративті-сәулеттік жарықтандыруы қалпына келтірілді. Қазіргі уақытта 3 тұрғын үй кешені қосылған, тағы 12 нысанды жақын арада қосу жоспарлануда.

Биыл қала бойынша 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Абаттандырумен қатар, Есіл ауданында көгалдандыру мәселесіне де ерекше назар аударылып келеді.

**ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР
КӨБЕЙДІ**

Тұрғын үй кешендерін жылыту маусымына дайындау және аудан аумағында экология айлығын өткізу бойынша жоспарлы жұмыстармен қатар, жылы аялдамаларды жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Барлық аялдамалардың электр диагностикасы жүргізіліп, есіктері жөнделді, 30-ға жуық павильонға есік қақпақтары орнатылды, 30-дан астам аялдамадағы жетіспейтін немесе сынған шыны ауыстырылды. Сондай-ақ біртұтас стиль жасап, эстетикалық көрініс беру үшін 90-нан астам аялдама сырланды. Санитарлық тазалау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Есіл ауданы әкімдігінің бас-



пасөз қызметі хабарлағандай, тұрғындардың өтініші негізінде жақында «Бином люкс» мектебіне, «Талисман» тұрғын үй кешеніне және Garden Village-ге жылы аялдамалар орнатылды. Инвесторларды тарту арқылы да жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, Достық көшесіндегі бір стильдегі екі жаңа жылы павильон жеке кәсіпкерлердің есебінен орнатылды.

Алдағы уақытта Министрлер үйінің жанына осындай жылы аялдама орнату жоспарланып отыр. Қалалық Көлік басқармасы «Ogynbor Towers» және «Заречное» тұрғын алабында

осындай аялдама орнатты. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

**АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ –
САУАПТЫ ІС**

Елордада жыл сайын көктем-күз айларында экология айлығын ұйымдастыру дәстүрге айналған. Есіл ауданында өткен осындай жалпы қалалық сенбіліктер барысында мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың, құқық қорғау, медицина және білім беру мекемелерінің қызметкерлері, тұрғындар мен кәсіпкерлер өздеріне бекітілген аулаларды жинап, ағаш отырғызды. Жалпы іс-шараға барлығы 482 ұйым қатысып, 120 техника жумылдырылды.

Айналаға ағаш егіп, тал отырғызу – сауапты іс. Өйткені жерге шанышылған әрбір тал күтмі жақсы болса, күні ертең жайқалып өсіп, экологиялық ахуалды жақсартуға да әсерін тигізеді. Бұл бағытта аудан әкімі аппаратының ұжымы коммуналдық қызметтермен бірлесіп саябақтарды, скверлерді, Ботаникалық бақты, аллеялар мен көшелерді көгалдандыруда. Мәселен, Керей-Жәнібек хандар көшесінің бойында белсенді тұрғындар мен депутаттардың қатысуымен 300-ден астам ағаш отырғызды. Бұл ретте көпжылдық гүлдер мен бұталарға көшу

БИЫЛ ҚАЛА БОЙЫНША 165-ТЕН АСТАМ АУЛА МЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АБАТТАНДЫРЫЛДЫ. АБАТТАНДЫРУМЕН ҚАТАР, ЕСІЛ АУДАНЫНДА КӨГАЛДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ ДЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРЫЛЫП КЕЛЕДІ

тенденциясын сақтай отырып, көгалдандыруда қанық түс пен жайқалып өсетін біржылдық гүлдер көбірек егілді. Сонымен қатар, Ұлы дала даңғылының бойында және Керей-Жәнібек хандар көшесінде 250-ден астам балқарағай, қайын, қарағаш және қарағай отырғызылды.

**КӨШЕЛЕР ЖАРЫҚПЕН
КӨРІКТІ**

Есіл ауданында жарықтандырылған көшелердің қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Бұл ретте ауданның коммуналдық қызметтері тұрақты негізде қысқа тұйықталуды жою, істен шыққан шамдарды, кабельдерді ауыстыру, жаңа бағандарды орнату жұмыстарын жүргізуде.



Жарықтандыру аумақты абаттандырудың ажырамас бөлігі екені белгілі. Бұл ретте аудан аумағындағы Линейный саябағында 35 жарықтандыру бағанасында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 4 метрлік 17 бағананың шамдары ауыстырылды.

Сонымен қатар, Жол картасы бағдарламасы аясында Пригородный тұрғын алабының «Юг» тұрғын үй кешенінен «Аспан» спортпен сауықтыру кешенінен Е-697 көшесіне дейінгі аумағына жарықтандыру бағандары орнатылды.

Көшелерді жарықтандыру сапасы тұрғындардың көшелер мен жолдардағы қауіпсіздігін сақтауға әсер етеді. Есіл ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, қазіргі кезде «Астана қалалық жарық» мекемесінің қызметкерлерімен бағаналарды, көше жарығын басқару шкафтарын тексеру жұмыстары жалғасуда.

**ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ
КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ**

Есіл ауданының 15 жылдығына орай «Салтанат қақпасы» монументінің жанында жаңа гүлзар пайда болды. Оны «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы көлік қызметкерлері күні қарсаңында елорда тұрғындары мен қонақтарына арнап сыйға тартқан болатын.

Алаңның жалпы ауданы 1 га құрайды және онда балалар ойын алаңы, work-out тренажерлері, орындықтар, көгалданған орындар бар.

Сквердің құрылысы ұлттық компания мен Есіл ауданының әкімдігі арасында бұрын қол қойылған меморандум аясында жүзеге асырылды.

**ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ
ЕСКЕРІЛУДЕ**

Аудан әкімінің тұрғындармен кездесуінде жиі қозғалатын өзекті проблемалардың қатарында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, әлеуметтік нысандар, жолдар, қоғамдық кеңістіктер, инфрақұрылым нысандарын салу, газдандыру мәселесі алдыңғы орында тұр. Сондай-ақ апатты жағдайдағы үйлерді бұзу, жарықтандыру, интернет, автобус, көгалдандыру, тығыз салынған құрылысқа қатысты мәселелер де есідіктерді жиі мазалайды. Олардың барлығы да кезең-кезеңімен шешіліп, аудан аумағында жаяу жүргіншілер жолының төсенішін жөндеу және қалпына келтіру бойынша жоспарланған жұмыстар жалғасуда.

– Біздің аудан басшысы халыққа әрдайым ашық, тұрғындармен жиі кездеседі. Өтінішімізге құлақ асып, жақында жүргіншілер бағдаршамын орнатып берді. Қуанышымызда шек жоқ. Бұрын, әсіресе балалар мен қарттар үшін, жолды кесіп өту өте қиын және қауіпті болатын. Міне, енді тұрғындардың тілегі ескерілді. Мәселелерді дер кезінде шешіп, халқына жақын болып жүрген аудан әкіміне және орынбасарларына алғысымызды білдіреміз. Еңбектері жана берсін! – деді аудан тұрғыны Жадыра Әлімбаев.



№130 (4563) 02/11/2023 Бейсенбі

Индира
БЕРЖАНОВА

«ЖАС САРБАЗДАР» – ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР

Әскери-патриоттық қозғалыс 2018 жылы Тұңғыш Президенттің бастамасымен құрылып, бүгінде республика бойынша 300 мыңға тарта жасөспірім мүше атанған іргелі ұйымға айналды. Жасөспірімдер арасында әскери-патриоттық тәрбие берудегі жүйелілік және білім беру процесінде тәрбие жұмысының маңызын көтеруді алға тартқан қоғамдық бірлестік қазіргі таңда өз тиімділігін көрсетіп отыр. Бас қаладағы 110 мектеп және 35 колледжде «Жас сарбаз» сыныптары мен клубтары құрылып, қарқынды түрде жұмыс істейді. Ұйым құрылғалы бері Астана қаласында 150-ге жуық әскери-патриоттық клуб пен «Жас сарбаз» сыныбы ашылды.

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бүкілармиялық кеңестің отырысында әскери-патриоттық тәрбие берудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеуді және «Жас сарбаз» қозғалысын ұлттық деңгейге көтеруді тапсырды. Осыған сәйкес, ұйымның жұмысы туралы «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының төрағасы Асхат Налшыбек айтып берді.

«Еліміздің әр аймағынан «Жас сарбаз» филиалы құрылып, белгіленген бағыт бойынша жұмыс істеп келеді. Оның ішінде басымдықтың бірі заманауи технологияларға негізделіп, робототехниканың қыр-сырын үйрететін «Smart sarbaz» сыныбына беріледі. Яғни аталған сабақта қашықтан басқару арқылы көп іс атқаруға болатыны үйретіледі. Мәселен, қазір дрон, датчик арқылы минаны залалсыздандыру сияқты әскери саланың міндеттерін шешуге болады. Одан бөлек, тәрбиеленушілер жеңіл атлетика марафонына, түрлі спорт секцияларына қатысып,



Елімізде жігерлі жастардың басын біріктіріп, патриоттық тәрбие беруді мақсат еткен «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республиканың барлық өңірінде таралған. Ал елордада «Жас сарбаздың» қатарына қосылып, ел игілігіне қызмет етсем деген белсенді ұл-қыздардың саны – 8 мыңға жуық.

осы бағыттағы жарыстардан да бақ сынайды. Сондай-ақ әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша дала жиындары өтіп, мұнда «Жас сарбаздар» командалары белтемірге тартыну, автоматты бөлшектеу және құрастыру, арқан тарту, жалпы әскери қорғаныс жиынтығын кию, алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша нормативтерді орындауда жарысады. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда интеллектуалды сайыстар өтіп тұрады. Бұл тәжірибеге ТМД мемлекеттері қызығушылық танытып, биыл Өзбекстан, Әзербайжан,

Қырғызстаннан арнайы өкілдер іс-шараларға келіп, қолдау білдіріп, ұйымды бүгінде өздерінде де ашып отыр» деді спикер.

Ұйым жетекшісі 2018 жылдан бері жасөспірімдер мен жастарды әскерге баруға, қорғаныс саласына деген ынтымақ бірнеше есе артқанын айтады.

«Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Қоғамның әскерге деген көзқарасы басқа. Әскерге барған азаматтар арасында уақытты босқа өткіздім деген түсінік қалыптасқан. Ал «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері арасында бұл салаға қызығып баратын жастар баршылық. Олар қозғалыс

аясында Халық қаһармандары, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, Ауған соғысының ардагерлерімен кездеседі. Олардың тағылымы мен ұлағатын, ақылы мен кеңесін тыңдау үшін жай кездесу ғана емес, балалардың ардагерлермен жақын араласуы, бос уақытын тиімді өткізуі жолға қойылады. Сонымен қатар әскери бөлімшелерге апарып, әскердің бір күндік өмірімен танысады. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде патриот жастарымыз тәрбиеленіп жатыр» деді А.Налшыбек.

«Жас сарбаз» қатарына кіру тегін. Ұйымға кіруде басты

талап ретінде оқу үлгерімінің жақсы болуы, физикалық дайындықтан сүрінбей өтуі және денсаулығын тексеріп, медициналық анықтама тапсыруы қажет. Яғни қозғалысқа іріктеу арқылы үздіктер қабылданады. Қозғалыстың артықшылығы – қатарға қабылданған «Жас сарбазға» куәлік беріледі. Ол куәлік мектеп бітірген соң әскери оқу орнына түсуге жеңілдік береді. Әскери оқу орнына түсемін деген баланың оқу орнына хат жіберіліп, оның «Жас сарбаз» болғаны расталады.

Ұйым жұмысын ілгерілетуде Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы «Жас сарбаз» жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі кешенді іс-шараларды жүзеге асырады. Былтырдан бері 2000-ға жуық адам қатысқан бірқатар айтулы іс-шара бар. Мәселен, жас сарбаздықтар Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылуының 33 жылдығына байланысты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесті. Сондай-ақ Кінопарк компаниясымен бірлесіп, елордадағы балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне

мультфильм көрсетіліп, SF Food компаниясының тәтті тағамдар тарату ісі дәстүрлі түрде өткізіледі. «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға керек-жарағын табыстауда да көмек көрсетеді. Қала тазалығын қамтамасыз етуде тұрақты түрде сенбіліктерге шығады. «Жас сарбаздың» барлық өңірде төл желілері болады. Қозғалыс мұның сыртында жастарды өз қатарына көптеп тарту үшін өз қызметінде әлеуметтік желілерді, YouTube-арнасын кеңінен пайдаланады.

Бұған қоса, соңғы жылдары қыздардың да әскерге деген қызығушылығы артып келеді. Жасөспірімдердің қозғалысында әскери-патриоттық сыныптар мен клубтар ашылған кезден-ақ қыз балалар да қызығушылық таныта бастады. Солардың қатарында елордадағы Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектептің 11-сынып оқушысы, мектеп белсендісі және «Жас сарбаздың» тәрбиеленушісі Аймерей Полат бар. Оның айтуынша, бұл ұйым – жастардың бос уақытын тиімді үйлестіретін әрі әскери өмірге дайындайтын үлкен мектеп.

«Жас сарбаз» қозғалысы әрбір жасөспірімнің патриоттық сезімін арттыруға, балалардың дарынын шынға бағыттауға, бұл ұйымға 7-сыныпта қабылдандым. Мен үшін ол үлкен жетістіктің бірі болды. «Жас сарбаз» тәрбиеленушісі атанған соң, ұйымға мүше болған 15 баламен бірге өзгелерге үлгі болуға тырысамыз. Осы уақытта біз алғашқы әскери дайындық пәнін меңгеріп, саптық дайындық, автоматты уақытқа шашып-жинауды үйрендік. Әскери іс-шаралардан қапы қалмай, «Жас сарбаз» деген атымызға лайық жүруді мақсат етеміз. Жан-жақты, әр салаға икемді болуға және жеке қызығушылықтарымды тануға осы ұйымның қосқан үлесі көп» дейді тәрбиеленушісі.



ЕЛОРДА ЕРІКТІЛЕРІ БЕЛСЕНДІ


Астанада 50-ге жуық волонтерлік ұйым мен қозғалыс жұмыс істейді. Бұл туралы елорданың коммуникациялар қызметінде қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров пен «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры Татьяна Миронюк өткізген брифинг барысында мәлімдеді.

– Бас қаладағы волонтерлік ұйымдар мен қозғалыстар арасында әлеуметтік осал отбасыларға қолдау көрсететін «Клуб добряков Астаны» сияқты көшбасшылармен тиімді жұмыс жолға қойылды. «Волонтеры Астаны LIDER.KZ» жоғалған адамдарды іздеу үшін құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық жұмыс істеп жүр. Сонымен қатар «Біз таза ел үшін» қозғалысы экология мәдениетін насихаттайды. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы базасында төртінші жыл Волонтерлер жылы шеңберінде және 2021-2023 жылғы волонтерлікті дамытудың Жол картасын орындау аясында волонтерлік

ұйымдар мен қозғалыстарды шоғырландыруды ұйымдастыру, ақпараттық және ресурстық көмек көрсету, қалада іс-шараларды есепке алуды жүргізу, күш-жігерді біріктіру, дербес қозғалыстар санын ұлғайту үшін қалалық волонтерлер штабы жұмыс істейді. Тұрақты қорғау органдарымен ұйыммен және 20 бастамашыл топпен, 4 ҰЕҰ-мен мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласында, кәсіпорындар мен қала меценаттарымен ынтымақтастық және бірлескен қызмет жүргізіледі. Штабта 5000-нан астам белсенді волонтер бар, – деді өз сөзінде қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қ.Қамбаров.

Бүгінгі таңда волонтерлік ұйымдармен бірлесіп «BizBirgemiz», «Қауіпсіз қала», «Қамқорлық мекенжайлары», «Ардагерлерді ардақтайық», «Taza Alem» және т. б. жобалар аясында 1000-нан астам акция өткізілді. 4000 азық-түлік себеті, 3000 ыстық тамақты тасымалдау, киім мен жиһаз тарату, оқыту, адамдарды іздеу және тағы басқа көмек көрсетілді. Қыс мезгілінде қала кәсіпорындағымен бірлесіп 50 мекенжайда қар тазалау жұмысы жүргізілді.

«Биыл волонтерлер «Қауіпсіз қала» жобасы шеңберінде тұрақты негізде волонтерлер халық санағы, газдандыру туралы халықты хабардар ету, жылыту маусымы мен көктемгі су тасқыны



кезіндегі қауіпсіздік шаралары, шомылу маусымындағы тәртіп ережелері, тыйым салынған заттарды сату туралы жарнаманы бояу мәселелері бойынша халықты түсіндіру жұмыстарына тартылды. 2020-2022 жылдары волонтерлер ұйымдары волонтерлерге арналған жабдықтар алды. Кейбір ұйымдар өз қызметін ілгерілету үшін үй-жайлар алды. «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ

үшін халықаралық волонтерлік орталығын ашуға үй-жай бөлінді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Birgemiz: áreket úaqutu» волонтерлік саласындағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» жобасын іске асыру шеңберінде «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ 17 облыста және республикалық маңызы бар 3 қалада волонтерлік қызметті қолдау мақсатында іс-шара-

лар мен кездесулер өткізді» дейді «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ атқарушы директоры Т.Миронюк.

Бастаманы ойдағыдай іске асыру үшін Мәдениет және ақпарат министрлігінің, үкіметтік емес ұйымдардың және волонтерлікті дамыту саласындағы қызметті жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуы көзделген.

Өткен жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы алаяқтық пен қаржы пирамидаларына, әсіресе, интернет-алаяқтыққа қарсы бітіспес күрес ашу жөнінде құқық қорғау органдарының алдына нақты міндеттер қойды. Қазір технологияның жетістіктерін еркін меңгеріп алған алақол арамзалар қарапайым адамдарды қан қақсатуда. Тіпті олардың алдау-арбау тәсілдері де мың құбылып, күннен күнге жетіле түсуде. Міне, қоғамда етек алып бара жатқан осындай келеңсіздікті құрықтау тәртіп сақшыларынан үлкен күш-жігерді талап етіп отыр.

Таңатар ТӨЛЕУФАЛИЕВ

ШЫҒАСЫҒА ИЕСІ БАСШЫ

Астана қаласының тұрғыны Айша Аймұратованың түсі үзіліс кезінде ұялы телефонына қоңырау шалынады. «Бұл Центркредит банктен» хабарласып тұр. Біреулер сіздің атыңыздан кредит алуға әрекеттенген. Банктің қауіпсіздік қызметі мен полиция хабардар. Сақтық шараларын күшейтуіміз керек. Жеке куәлігіңіз өзіңізде ме? Соны алып тез банкке жетіңіз. Менеджер Плетневаны сұраңыз да кезексіз өте беріңіз. Біз сізді күтіп отырмыз» дейді.

Айша мұндай тосын қоңыраудан қатты қобалжып кетеді. «Енді не істеймін?» деп ойын жинақтап үлгергенше тағы қоңырау соғылады. Жаңағы дауыс. «Сіз әлі шыққан жоқсыз ба, асығыңыз, уақыт өте тығыз. Айтпақшы, карточканызда ақша болса, оны тез басқа жерге көшіру керек» деп үсті-үстіне бастырмалатып, өзі абырап, сасқалақтап тұрған адамды одан сайын дүрліктереді.

Бір минуттан кейін тағы қоңырау шалып өзін полиция майорымын деп таныстырып, «ЖСН-іңізді және карточканыңды артық үш нөмірін айтыңыз, әйтпесе, үлгермейсіз. Алақтар сіздің кеше депозитке салған ақшаңызға қауіп төндіріп жатыр» деп қара аспанды одан сайын айтыңыз, әйтпесе, үлгермейсіз. Алайда Плетнева деген менеджер мұнда да болмай ақша салғаны рас еді. «Енді оны алақтар алып қойса, маскара...» деген оймен жекебас куәлігін де, банкілік карточканың артық үш нөмірін де қалай айтып қойғанын өзі білмей қалады.

Жанұшырып жүгіріп «Центркредит банктің» жақын маңдағы филиалына келеді. Мұндағылар тым-тырыс. Менеджер Плетневаны сұрайды. Ондай адам жұмыс

ҒАЛАМТОРДАҒЫ АЛДАУ МЕН АРБАУ



істемейтін болып шығады.

«Мүмкін, Бауыржан Момышұлы даңғылындағы орталық банкте істейтін шығар деген оймен такси ұстап, оған да келеді. Алайда Плетнева деген менеджер мұнда да болмай шығады. Осы кезде барып Айшаның ойына алаяқтардың әрекеті оралады. Кеше ғана автобустарда «банк қызметкері ешқашан клиенттерге өздері телефон шалмайды» деген хабарландыруды естімеп пе еді? Соған неге мән бермеген?»

Болған мән-жайды сол жерде банк қызметкеріне баяндайды. Полицияға хабарласады. Алайда екі сағаттың ішінде есепшотыңдағы үш

миллион теңгенің қолды болғанын біліп, санын бір-ақ соғады.

Мұндай оқиғалар қазір елімізде белең алып тұр. Әсіресе, интернет-алаяқтық өршіп барады. Тек өткен жылы ғана екі мыңнан аса қазақстандық осындай интернет-алаяқтардың құрбаны болыпты.

ҚҰЙТЫРҚЫ ТҰЗАҒЫ КӨП

Қазір біреудің атына сырттай кредит рәсімдеп, оны иелері тек бірнеше ай өткенде ғана банк қызметкерлерінен естіп, біліп жататын оқиғалар жиілеп кетті. Күнделікті тірлігін жасап, тұрмыс қамымен

еңбектеніп, тер төгіп жүрген адамға «сіздің алған несиеңіз үш айдан бері төленбеді, үстеме пайызы да өсіп барады» деп хабарлама келуі сұмдық емес пе?! Бұған жол бермеудің, алдын алудың қандай жолдары бар?

«Рас, интернет-алаяқтықтың жолын кесуде үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Өткен жылы олардың біразы қолға түсіп, жазасын да алды. Алайда адамдардың аңғалдығы мен немқұрайдылығынан оларды түпкілікті ауыздықтау әзірге мүмкін болмай тұр. Алдау, арбау, алдын ала дайындаған арнайы құйтырқы әрекеттер қарапайым

жандарды тұзағына ілкітіріп, қылмыстық ойларын жүзеге асырып жүр. Статистика көрсетіп отырғандай, кейінгі кезде осындай қылмыстың тек әрбір бесіншісі ғана ашылады. Неге десеңіз, оған жоғарыда айтылғандай, азаматтардың өздері себепші болады. Қаншама ақпараттық ескертулер, бұқаралық ақпарат құралдары мен қаланың қоғамдық көліктеріндегі дыбыстық хабарландырулар арқылы қауіпсіздік шаралары ескертіліп жатса да, көпшілік тұрғындар соған мән бермей келеді» дейді полиция майоры Болат Жанәбіл.

Астана қаласының байырғы тұрғыны Ермек Әлібекұлының кредиттік тарихы аяқ астынан бүлінді. Үйіне коллектор қоңырау соғып, биыл шілде айында банктен 120 мың теңге қарыз ақша алғанын мәлімдеген. Әрі оның жылдық мөлшерлемесі 1000 пайыз екендігін естігенде Ермек мырза есінен танып қала жаздады.

Істің ақ-қарасын анықтау басталады. «Қалайша, менсіз банктен басқа біреу менің атыма қарызға ақша рәсімдейді?» деп таң қалған жәбірленуші.

Сөйтсе, бәрі мүмкін екен. Ең бірінші, ЖСН мен жекебас куәлігі нөмірін, телефон нөмірін қолға түсірген алаяқ қашықтан отырып, екінші деңгейлі банктің бірінен сол кісінің атына есепшот ашыпты. Ал қарыз беруге оның телефон нөміріне келген SMS нақтылау толық дәлел болған. Ал алынған ақша сол бойда басқа есепшотқа аударылыпты.

«Бұл заңға сәйкес пе?» деген сауалға банк қызметкерлері «Шот ашуға келісім клиенттерді динамикалық сәйкестендіру, атап айтқанда, картаны ашуға өтінімді толығымен нысанына енгізу клиенттің келісімін растауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін телефон нөміріне SMS-пароль жіберу арқылы жүзеге асырылады. Онлайн-өтініш берген кезде клиенттің аты-жөні, ЖСН-і сияқты нақты деректерді енгізеді. Осының бәрі сәйкес келіп тұрса, шот автоматты түрде ашылады» дейді банкетігерлер.

Бұл жерде бір байқағанымыз, «екі шұқып, бір қарап», өте сақ болып, өзіндік қырағылық танытпасаңыз, алаяқтар әлі талай бармақ тістестері мүмкін екендігі анық болды.

ЕҢ БАСТЫСЫ – САҚТЫҚ ПЕН ҚЫРАҒЫЛЫҚ

Кейінгі кезде полиция қызметкерлерін қатты алаңдатып отырған жайдың бірі – кибералақтық. Жыл басынан бері еліміздің мемлекеттік органдардағы ресурстарға 163 миллион кибер-шабуыл жасалыпты. Осы бір сұмдық цифрдың астарында қаншама қылмыстық әрекет жатыр? Әрине, мемлекеттік техникалық қызмет қарсы қорғаныс қабілетін күшейтіп-ақ келеді. 2008 жылы Қазақстанның киберқорғаныс орталығы құрылған болатын. Дегенмен, ғаламтор біздің өмірімізге етене дендеп енген сайын алаяқтарды түрлі тәсілдері мен айла-шарғыларын жетілдіріп келеді. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздікке аса мән беретін кез келгенін мамандар мен сарапшылар баса айтууда.

Қазір Астана қаласында алаяқтықтың кеңінен тараған түрі – белгілі бір затты немесе мүлікті газет не болмаса, сайт арқылы хабарландыру беріп сату болып тұр. Тек 2023 жылдың қыркүйек айында ғана осындай қылмыстан он жеті адам зардап шеккен. «Сатып алушы» сізге «банк картаның ақша аударамын» деп төлемнің ең оңтайлы жолын ұсынады. Сөйтеді де, сізден карта нөміріңіз бен тексеру кодын, сондай-ақ ұялы телефоныңызға банк жіберген құпия SMS кодын да айтуыңызды өтінеді. «Қазір екі-үш минутта ақша сіздің картаныңа түседі» деп сендіреді. Нәтижесінде сіз біраз уақыттан кейін карта желіңіздегі ақша қаражатының жойылып кеткенін бір-ақ білесіз.

Сарапшылар хакерлердің желісіне түсіп қалмас үшін мынадай қарапайым кеңестерді ұсынады:

Электронды хат жіберерде сілтемелерге аса мұқият болыңыз. Жеке пароліңізді жиі ауыстырып тұрыңыз. Интернетте дебеттік картаны пайдаланбаңыз. Еш уақытта төлем туралы ақпаратты сақтаманың. Әрқашан өзіңіздің желілік жүйеңізді қалыпты жағдайда ұстаңыз. Аса сақ болып, қырағылық таныңыз.

Қазір интернет қауіпсіздігі өте маңызды. Оны пайдаланушылар сайтқа кіретін, оны жүктейтін кез келген бағдарламалық қамтамасыз ету сілтемесін баспас бұзған осы қағидаларды үнемі есте ұстаған дараы жөн.

Бүгінде көпшілік арасында кеңінен етек жайған суицид ауыр дерттің біріне айналды. Өз-өзіне қол жұмсап, өмірімен қош айтысқысы келетіндер қатары азаймай келеді. Қаралы хабарды жаңалықтардан жиі естіп жатамыз. Біреулер «осындай суық хабарларды бұқаралық ақпарат құралдары мүлде көрсетпеу керек» десе, екінші біреулер «олар жаманат шақырушылар» деп журналистерді кінәлайды. Десе де айтылған сұмдықтардың өмірде болып жатқаны рас.

Индира БЕРЖАНОВА

Қазақстан суицид статистикасы жөнінен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше 19-орында тұр. Бір ғана елордаға қатысты деректерді келтірсек, Астана қаласының Полиция департаменті және оның аумақтық бөлінісінде 2022 жылдың 12 айы ішінде – 166, 2023 жылдың 9 айында 154 суицид фактілері тіркелген. Астана қаласы Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы Гүлмира Шрахметованың айтуынша, адамдардың мұндай қадамға баруы – ойландыратын мәселе. Себебі бейбіт өмірде, соғыссыз адам өмірінің қиылуы, өмір сүруден бас тартуы – қоғам қасіреті.

«Мен әйел адамдармен көп жұмыс істейтін болғандықтан, оларды суицидке итермелейтін ең бірінші кезекте тұрмыстық себептер екенін жақсы түсінемін. Жәбірленушілермен болған әңгімелерде олар ешкімге шағымдары жоқ екенін, бұл әрекеттерге

ешкім итермелемегенін айтады. Осының негізінде қылмыстық істерді тоқтату туралы қаулылар қабылданады. Көп жағдайда бұл оқиғалардың негізгі себептеріне жасқа байланысты жеке тәжірибе, эмоциялық тұрақсыздық, тұлғааралық қатынастардың бұзылуы, әлеуметтік жағдайлар, депрессивті көңіл-күй, отбасылық жанжалдар, абайсыздық және ішімдік ішу жатады» деді спикер.

Полиция подполковнигінің айтуынша, бұл тұстағы негізгі мәселелердің қатарында бүгінде өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің алдын алу және оларды ерте кезеңде анықтау бойынша мақсатты жұмыс жүргізе алатын білікті мамандардың (суицидологтардың) болмауы бар. Сонымен қатар полиция қызметкерлері үшін өзіне-өзі қол жұмсауға бейім адамдармен жұмыс істеу бойынша ұсынымдық сипаттағы іс-шаралар жүргізілмейді. Оның үстіне суицидке бейім адамдар, соның ішінде әйелдер құқық қорғау органдарымен, білікті мамандармен және психологтермен байланыс жасаудан қашақтайды. Жәбірле-



Қазақстан суицид статистикасы жөнінен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы дерегінше 19-орында тұр. Бір ғана елордаға деректерді келтірсек, Астана қаласының Полиция департаменті және оның аумақтық бөлінісінде 2022 жылдың 12 айы ішінде – 166, 2023 жылдың 9 айында 154 суицид фактілері тіркелген

нушілер жасалған әрекеттердің нақты себебін толық ашпайды. Бұл олардың жеке өмірі туралы бөтен адамдармен сөйлескісі келмейтінін көрсетеді.

«Негізінен, суицидке ер адамдар бірден барады. Олар нақты шешім қабылдап, батыл әрекеттер жасайды. Ал әйелдер мен балалар жасқаншақтау болып келеді де, мұндай қадамға қашан да екітүрлі күйде барады. Сондықтан да көп жағдайда аман қалып жатады. Бір жағы ашумен де жасайды. Мәселен, полиция қызметкерлері бірде көпірден секірген екіқабат келіншек пен баласын құшақтап балкон ернеуінде отырған әйел адамды құтқарып қалған. Анықталғандай, олар бұл әрекетке отбасындағы жанжалдың кесірінен ашу үстінде барған» деді Г.Шрахметова.

Әйелдерге қатысты және отбасылық-тұрмыстық қатынастарда құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу мақсатында учаскелік инспекторлармен және ювеналдық полиция инспекторларымен бірлесіп, құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың өсуіне жол бермеу бойынша мақсатты түрде жұмыс жүргізіп келеді. Алдын алу және түсіндіру жұмыстары бойынша әдістемелік және практикалық көмектер көрсетіп, әрбір фактінің себептері мен жағдайларға мұқият талдау жасалады. Қажет болған жағдайда мемлекеттік органдар және үкіметтік емес ұйымдар өзара әріптестікте консультациялық-құқықтық көмек көрсетеді. Қиын жағдайға түскен әйелдерге «Қорғау-Астана» жеке қоры және «Жанұя» қоғамдық қорының психологтары консультация өткізуде. Осы жұмыстардың қай-қайсысында да мамандардың анықтағаны – өз-өзіне қол салушылармен сөйлесудің азығы. Оған бір жағы ол адамның өзі тұйықталып қалатын болса, екінші жағы айналасындағылар да түрлі себептен көп ықылас таныта қоймайды. Ал шындығында, егер сөзге тартып, суицид туралы тікелей сөз етпесе де, проблемаларын бөлісіп, көңілін аулар болса, соңғы қадам туралы ойынан айнтындар да көп екен. Мүмкіндігінше, психологтарға, психотерапевтерге барудан қашпау керек. Сонда қиын күндерін уақыт өте келе күлкімен еске алып отыратын жандардың қатары көбеймек.

Ал елордалық психикалық денсаулық орталығының психотерапевт, суицидолог Екатерина

Миронова суицидке баратын адамның мінезі аутоагрессивтік болады, оған кез келген адам бара алады дейді.

«Адам түрлі себептермен суицидке барады. Өзіне назар аудару үшін де суицид жасалуы мүмкін. Бірақ өз өмірін таразыға салған кезде өмірден бас тартуға бел буған адамдарды ортақтастыратын бір дүние бар. Ол – адамдар үшін басындағы мәселемен өмір сүрудің мүмкін емес болып көрінетіні. Ол мәселемен өмір сүргісі келмеген адам басқа өмірді қалайды. Бірақ оған қалай жететінін білмейді. Әр оқталған адамның ойында өзінің жеке психологиялық портреті болады. Жастық нормативтік дағдарыс деген бар. Бұл балалықтан ересектікке өту, 16 жастан бастап 28 жасқа дейін жалғасады. Орта жастың дағдарысы 30-дан асқанда басталып 45 жасқа дейін созылады. Әйел адамдардың көбі осы дағдарыс кезінде суицид жасайды. Орта жастағы дағдарыс адамның алатын кезеңі аяқталып, беретін кезеңінің басталуы. Егер алатыны аз болып, беретіні болмаса да қиын. Осындай ішкі сезімдерді сырттағы жағдай ушықтырады. Ішкі себеп пен сыртқы себеп түйіскен жағдайда адам үшін өмірдің мәні мен құндылығы жоғалғанда, ол өмірмен қош айтысады. Адам жастық дағдарысы кезінде ішкі психология, әл-ауқатының әлсіреуі кезінде психологқа баруы керек. Сыртқы факторлардың ушығуы да ішкі мәселені көтеріп жіберуі мүмкін. Сондықтан қазіргі таңда маманнан немесе басқа жанашыр жандардан көмек сұраған өте дұрыс» деді ол.

BEST FOR KIDS қоғамдық қорының бір саласы – Астана қаласы әкімдігінің Кәсіби-техникалық колледжінде білім алып жатқан балалар үйінің түлектеріне барынша қолдау көрсетіп, өмірде кездесетін кедергілерден қиналмай өтуіне ықпал ету. Осы ретте қор президенті Назым Сағидоллинамен сөйлесіп, жұмыс барысымен танысқан едік.

– Алдымен өз ұйымдарыңыз туралы тоқталсаңыз...

– Біздің ұйым астаналық жастармен бірге Астана және Ақмола облысы балалар үйлері түлектерінің қоғамға бейімделуіне қамқорлық жасап келеді. Елордалықтармен қатар Ақмола өңірі, атап айтқанда, «Ақкөл қаласының өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы» КММ, Урюпинка ауылы, балалар бақша мектеп-интернат арнайы кешенінің тәрбиеленушілерімен жұмыс жасаймыз. Бұл орындарда сарапшылармен бірлесе отырып, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қоғамға бейімдеп, әлеуметтендіру бойынша түрлі дамыту бағдарламалары мен жобаларын даярлап, жүзеге асырамыз.

Балалар өздері тәрбиеленген үйлерде алған дағдыларды үлкен ортада кедергісіз қолдана алу үшін, олардың айналасын қоршаған ересектермен де жұмыс жасаймыз. Өйткені олар жабық ортадан ашық қоғамға енген кезде түрлі психологиялық кедергілерге тап болады. Үлкен өмір кімге болса да оңай емес, ал балалар үйінің түлектері өте сезімтал келеді. Көп жағдайда өз отбасында өскен қатарластарымен салыстырғанда қауқарсыз,



БАЛАЛАР ҮЙІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІН БЕЙІМДЕЙДІ

тәжірибесі аз болады. Сондықтан да, ересектердің қолдауы, олардың қамқорлығы мен түсіністігі бұл балалар үшін өте қажет. Сонымен қатар, қоғамға аса қажет әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде, әлеуметтік жобалар мен волонтерлік қызмет туралы қоғамның сауаттылығын арттырып, жан-жақты хабардар ету үшін де жоғары сапалы коммуникациялар жасаймыз.

– Волонтер ретінде көп жылғы тәжірибеңізге сүйене отырып, балалар үйінде тәрбиеленгендердің жалпы қоғамда тез икемделіп, сіңісіп кетуі қиыншылықтары туралы айтып берсеңіз.

– Олардың барлық тәжірибелері, ойлау тәсілдері, мінез-құлықтары жабық қоғамдастықта, нақты айтқанда, балалар үйінде қалыптасады. Бұл қауымдастықтың өзіндік құндылықтары мен заңдары бар. Балалар үйінен шыққан кезде олар қайтадан, басқа ортада өмір сүруді үйренуі керек. Балалар үйінде өмірлік маңызы бар дағдыны, өз бетінше шешім қабылдауын ұмытпайды. Көптеген балаларда жауапкершіліктен аулақ болу стратегиясы пайда болады. Өкінішке қарай, кей жағдайларда қоғам қардан бойын аулақ ұстап, жетімдерді жебей бермейді. Мүмкін жастықтан, тәжірибесіздіктен де болар, бұл стигматизацияны жанына жақын қабылдап, ортаның заңдылықтарды әдейі бұзатын кездері болады.

– Бір жағынан алып қарағанда, мұндай міндеттерді атқару мемлекеттің міндеті сияқты көрінеді. Волонтерлердің осы жастар болашағына мән беруінде қандай сыр жатыр?

– Мемлекеттік институттар қоғамда болып жатқан жаңашылдыққа, өзгерістерге бауу қарайды және салғырт көзқарасы басым келеді. Одан қалса, бұл мәселенің ашық айтылуы және бұл саладағы реформалар жақында басталды, сондықтан олардың тиімділігі әлі де дәлелденген

жоқ. Ал үкіметтік емес ұйымдар, бұл жұмысқа икемдірек болып келеді. Бізге жұмыс әдістерін өзгерту оңайырақ және белгілі бір жағдайда нақты жұмыс істеп, жауап беру де оңайырақ болады. Нәтижесінде, біздің волонтерлер ісінде кез келген мемлекеттік бағдарламаға қарағанда, тиімді болатын салаларын қамти аламыз. Біз мәселеге етене араласып, мемлекеттен гөрі әлдеқайда жақын өрісте балалармен жүзбе-жүз кездесе аламыз.

Бұл жерде алдыңғы қатарда, өзгерістердің алдыңғы шебінде белсенді және саналы волонтерлердің болуы өте маңызды.

Мемлекеттік қамқоршылық жүйесіндегі мамандардың көпшілігі балаларға «жұмыс нысаны» ретінде қарайды. Ал волонтерлер «шын жүректен», терең құндылықтардан әрекет етіп, тиімді нәтижеге қол жеткізеді. Волонтерлердің балаларға деген жанашырлық сезімі риясыз. Бұл өз кезегінде, балалардың сенімі мен ынтымақтастыққа деген ұмтылысын оята алады. Біз қамқорлық-



Негізі волонтерлік деген сөз қоғам игілігіне ақысыз, өз еркімен қызмет ету болып табылады. Өзіңіздің қоғамға пайда-сын тигізе алатын қасиеттеріңізді анықтап, осы салада қызмет етіп көрейін десеңіз, өзіңіздің уақытыңызға қолайлы саланы таңдап волонтер болу еш қиындық етпейді

сыз қалған балалар өздерінің барлық шығармашылық көзін ашып, емін-еркін, ешкімнен қорықпай бақытты өмір сүретін әлемді армандаймыз. Бұл ретте қалыптасқан дағдылар, ақыл кеңестеріміз, жан-жақты және дәйекті жұмысымыз бірте-бірте балалардың өмір салтына айналады. Сондықтан біздің көзқарасымыз – көмектің жүйелі түрде және ұзақ мерзімді болуын волонтерлер күшімен қамтамасыз ету.

– Колледжде оқып жатқан жастармен жүргізілетін жобаларыңыздың ауқымын білуге бола ма?

– Біздің бұл мақсатымыз «Балалар үйіндегі жеткіншектерді әлеуметтік жағынан бейімдеу» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр. 15 пен 23 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған. Жоба 2015 жылдың қаңтарында басталды. Ақкөл, Саңдықтау және Урюпинск балалар үйлерінің түлектерін қамтиды. Жобаға Астана қаласының Кәсіби-техникалық колледжі қатысуда. Осы жобаның арқасында жастар колледжден кейін оларды не күтіп тұрғанын түсінеді. Болашақ әрекеттерін таңдап, өмірлік басымдықтарды белгілей алады. Онымен қоса, біз әртүрлі санаттағы адамдармен қарым-қатынас жасауға үйретеміз, өздері өмір сүріп, өз-өзіне қамқорлық жасай алатындай дәрежеге көтереміз. Бұл да өте маңызды. Үлкен өмірде өздігінен өмір сүру, бұрынғы өмір салтынан, бұрынғы қалпынан қол үзу – ұзақ процесс.

– Осы мақсатта қаншама жұмыс жүргіздіңіздер?

– Астана қаласы әкімдігінің Кәсіби-техникалық колледжінде білім алып жатқан балалармен апта сайын кездесіп тұрамыз. Осы кездесулерімізде көптеген тренингтер өткіздік. Кездесулерімізге түрлі іс мамандарын қатыстырамыз, мысалға, мұғалімдер, психологтар, профсоюздар, заңгерлер және т.б. Бұл тренингтердің

арқасында біз түлектерге өз мақсаттарын айқындауға, айналасындағы болып жатқан оқиғаларды бағамдап, түсіне білуге, өздерін ортада көрсете білуге, қалай ұстау керекін үйретеміз. Басқалармен қарым-қатынас жасап, байланыс жасаудағы психологиялық кедергілерді жеңуге үйретеміз. Өздерінің жеке ішкі дүниесінің шегін белгілеп, өзгені де өзіндік болмысын құрметтеуге үйретеміз. Бұл дегеніміз өзінің тұлға ретінде сезінуіне әсерін тигізеді. Өмірдегі өз орнын анықтап, алдағы мақсатын тағайындап жауапкершіліктің жүгін де көтеруге тиіс екенін білдіреміз. Бұл өте маңызды деп білемін.

– Тағы қандай тиімді әдістеріңіз туралы айта аласыз?

– Адам болған соң, барлығымызда көңілді күндермен қоса, қиын күндер де болып отырады және дәл осы кездерде сырласып, қол ұшын созатын адамның болғанын қалаймыз. «Волонтермен кофе» атты жоба аясында, түлек достасқан волонтерді кофеге шақыра алады, сол кездесу арқасында, түлек ашылып, ішіндегі қуанышы мен қиындықтары туралы бөлісе алады. Ал біз өз тарапымыздан, сол қиындықты қалай шешуге болатынын колледж жетекшілігімен ақылдасып, шешуге тырысамыз.

– Өздеріңіздей игі істің басында жүретін, волонтерлер қатарын толықтырудың жолы қандай?

– Оның ешқандай қиындығы жоқ. Біздің команданың жұмысы инстаграм әлеуметтік желілерде насихатталады. Волонтерлер қатарына сайтымыздары анкетаны толтырып қосылуға болады. Жасыңыз 18-ден асса және Астанада тұрсаңыз, кездесулерімізге қатысып, офлайн волонтер болу мүмкіндігі бар, ал егер 18-ге әлі толмасаңыз, онлайн волонтер болып кез келген қаладан қатысуға болады, тіпті про-боно волонтер ретінде де өзіңіздің кәсібіңізге қатысты волонтерлік жұмыс жасай алу мүмкіндігі де бар, немесе бір ұйымның атынан да волонтерлік жасап қатысуға болады. Жалпы біз мақсатымызды қолдайтын кез келген жаңа идеяларға ашықпыз, сондықтан біздің парақшамызға кіріп, өз ойыңызбен бөлісуден ұялмауларыңызды сұраймын.

Негізі волонтерлік қоғам игілігіне ақысыз, өз еркімен қызмет ету болып табылады. Өзіңіздің қоғамға пайдасын тигізе алатын қасиеттеріңізді анықтап, осы салада қызмет етіп көрейін десеңіз, өзіңіздің уақытыңызға қолайлы саланы таңдап волонтер болу еш қиындық етпейді.

– Астаналықтардың волонтерлер қатарына қосылуға не себеп болып жатқанын білуге бола ма?

– Көбіне әлеуметтік-бағдарланған жобалар мен қайырымдылықты дамытуға тікелей атсалысуға ықтияр білдіретіндер алдыңғы кезекте тұрады. Мына қоғамның бір мүшесі ретінде өзінің күшімен әлеуетін сынап, волонтерлер қатарын көбейтуде, кейде өзін тұлғалық дамуға қосымша мүмкіндік деп те қарайтындар бар. Оларды түсінуге болады, волонтерліктің көптеген жақсы жақтары бар ғой, мысалы, өзі іс жасау, жаңа жобаларға қатысу, қызықты, әрі пайдалы тәжірибе алу. Оған қоса, жаңа адамдармен танысып, айналасын өзі сияқты ізгі адамдармен тоқтыру үшін өте тартымды болады. Бұл да біздің жұмысымыздың көптің көңілінен шығып, қоғамға қажет екенінен сезінуге жігерлендіреді.

Сұхбаттасқан Айгүл УАЙС

ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА – БАЛА БОЛАШАҒЫ

Балаларды, соның ішінде балалар үйінің түлектерін колледжге бейімдеу – бұл ерекше назар аударуды қажет ететін маңызды процесс. Бейімделу – бұл адамның табиғатпен және қоғаммен өзара әрекеттесуін сипаттайтын біртұтас, жүйелі жұлге.

Бейімделу процесінің ерекшеліктері адамның жеке психологиялық сипаттамаларымен, оның жеке даму дәрежесімен және әлеуметтік ортадағы мінез-құлық тұлғасымен анықталады. Бейімделудің аспектілерін адамның әлеуметтік құрылымда болуы және психологиялық денсаулықтың жалпы деңгейі деп санауға болады. Ортаға бейімделу, негізінен, баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты жүреді. Адаптацияның балада қалай өтіп жатқанын анықтау үшін арнайы диагностикалар алынады және сәйкесінше диагностика нәтижелеріне қарай түзету жұмыстары жүргізіледі. Біздің колледжімізде әртүрлі балалар оқиды, оның ішінде атап өтсек, жетім балалар да бар. Жетім балалар жас кезінен бастап жабық мекемелерде тұрады, гипопоэка және қарым-қатынас тапшылығы жағдайында өседі. Оларды тәуелсіз болуға мәжбүр ететін мұндай жағдайларда өзін-өзі ұйымдастыру және мінез-құлқын жоспарлау қабілетінің салыстырмалы түрде жоғары дәрежеде дамуын күтіп жатамыз. Алайда еркіндікті қалыптастырудың осыған ұқсас компоненттері балалар үйінің балаларында отбасындағы құрдастарына қарағанда айтарлықтай төмен дәрежеде қалыптасады. Бұл – балалардың нақты күн тәртібі, ересектердің беретін тұрақты нұсқамалары сияқты компоненттер балалардың өз мінез-құлқын өз бетінше жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау қажеттілігінен айырады және басқалардың нұсқауларын кезең-кезеңімен жүзеге асыру әдетін қалыптастырады. Ал отбасында тәрбиеленетін бала, бір жағынан, талаптар мен бақылаудың қатаң жағдайына тап болады, ал екінші жағынан, ересектермен бір істі бірге атқара отырып, жеке операцияларды жүзеге асыруды ғана емес, сонымен бірге жоспарлаудың, ұйымдастырудың күрделі бағдарламаларын да меңгереді. Отбасында балалар өздерін қызықтыратын нәрсеге қатысып, іс-әрекет жоспарын құрастырғанда біраз нәрселерді үйрену жүзеге асырылады. Интернет типті мекемелердің балалары осылай әртүрлі іс-шараларда ересектермен өзара әрекеттесудің

әртүрлілігінен тыс қалған, нәтижесінде жоспарлау, өзін-өзі тәрбиелеу сияқты мінез-құлықты ерікті реттеудің негізгі компоненттері нашар қалыптасады. Осылайша, отбасынан тыс өсетін балалардың мінез-құлқының өзіндік ерекшеліктері бар.

Әрбір білімдеушілердің бірегей екенін және олардың бейімделу тәжірибесі әртүрлі болуы мүмкін екенін түсіну маңызды. Дегенмен, олардың сәтті бейімделуіне көмектесетін жалпы принциптер бар. Олар:

Демеу болатын орта құру: колледжде әрбір білімгер маңызды, сондықтан да балаларды қолдау, оларға психологиялық жағынан жайлы орта құру қажет. Бұл қолдау бағдарламаларын, кеңес беруді және тәлімгерлік қамтуы мүмкін.

Дара тіл табу: Әр баланың бейімделуі әртүрлі. Кейбір білімгерлер жана ортаға үйрену үшін басқаларға қарағанда ұзағырақ уақыт алуы мүмкін. Сол себепті олардың қажеттіліктерін ескеру маңызды.

Психологиялық қолдау: Балалар үйінің білімгерлерінің ерекше психологиялық қажеттіліктері болуы мүмкін болғандықтан, психологиялық қолдау және кеңес беру өте пайдалы.

Әлеуметтену мүмкіндіктерін құру: Білімгерлердің басқа балалармен тез тіл табысуы үшін әлеуметтену мүмкіндіктерін құру маңызды. Бұл – жалпы іс-шаралар, тренингтер немесе ортақ қызығушылықтары бар топ, клубтар құру.

Бейімделу дағдыларын үйрету: Білімгерлерге бейімделу, стрессі басқару және жанжалдарды шешу дағдыларын үйрету өте пайдалы болуы мүмкін. Бұл дағдылар оларға жаңа ортаны жақсы басқаруға көмектеседі.

Бейімделу процесі ұзақ процесс екенін ескеру қажет және әр білімгер өз қарқынымен қозғалады. Ең жақсы, сәтті бейімделу үшін қажетті қолдау мен ресурстарды қамтамасыз ету және білімгерлерге олардың жаңа ортада бағаланатынын және оларды қолдайтынын көрсете білу керек.

Назерке ҚАЛИЛА,
Астана қаласы
әкімдігі техникалық
колледжінің
психолог-маманы



10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№130 (4563) 02/11/2023 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ 6 ҚАРАША

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «ТАНШОЛПАН»
10:00 AQRARAT
10:10 «Қилы күндер», Телехикая.
12:20 «Сезім толқыны», Телехикая.
13:00 AQRARAT
13:10 «Сезім толқыны», Телехикая.
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», Тікелей эфир
14:30 «Қызық екен...»
15:25 «Арта», Сарпатамалық бағдарлама.
16:15 «Aqorda»
16:30 «Ауылдастар»
17:00 AQRARAT
17:10 «Қызық екен...»
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехикая.
20:00 AQRARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ»
21:30 «АЛДАНҒАН АРМАН», Телехикая.
23:00 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ», Телехикая.
0:35 «Сана»
1:40 «Арта»
2:30 «Ashyq alaŃ»
4:10 «Жәдігер»
4:30 «Ауылдастар»
5:05 «Күй-керуен»



05:00 МЕЛОДРАМА. "ТРЕТИЙ АКТ"
07:00 ТІКЕЛІ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 "МЕКТЕП"
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.
11:45 МУЛЬТСЕРИАЛ. "КОМАНДА ДИНО"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН"
14:00 "АЙНАЛИНЕ"
15:00 "БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ"
16:00 "МОЯ ИДЕАЛЬНАЯ МАМА"
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН"
21:45 "БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ"
23:00 "ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
00:00 "МОЯ ИДЕАЛЬНАЯ МАМА"

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм
08:50 «Осман 3» түрік телехикаясы
10:20 «Кешек келін» үнді телехикаясы
12:00 «Тракторшының махаббаты»
13:00 «Дастан» түрік телехикаясы
14:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
15:00 «Көрү керек!»
15:35 «Любовьная Варвара» телесериал
17:55 «Непридуманная жизнь» телесериал
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Осман 3» түрік телехикаясы
22:20 «Лакшми» үнді телехикаясы
00:00 «Дастан» түрік телехикаясы
01:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
02:00 «Қорғансыз ханшайым» телехикаясы



6:00 «ПЕРЕВАЛ» телехикаясы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
13:00 Премьера.
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «АУТСАЙДЕР»
0:45 «НАЧАЛЬНИК РАЗВЕДКИ»
1:40 Ночной кинотеатр.
3:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
4:10 «П@УТИНА» бағдарламасы



07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ»
08:10 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», өзбек телехикая.
10:00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»
11:00 «ПАРАД ЮМОРА»
12:40 Мелодрама (повтор)
15:00 «НАМЫС», өзбек телехикаясы
18:30 «ӨМІР-СЫНАҚ», отандық телехикая
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «СЕРДЦЕ МАТЕРИ», мелодрама.
00:00 «НАПАРНИКИ»
02:15 «ӨМІР-СЫНАҚ»
03:00 «УЛЫ ТАМШЫЛАР»
03:45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
04:30-05:00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:00 «Күніп АЛ»
07:40 БалаFunny
08:00 «Жапырақтар төгілгенде»
10:00 «Великий Человек-паук»
11:00 Мультсериал «Маша и медведь»
11:40 TikTok show
12:20 «Джек Ричер 2» (повтор)
15:20 «Морбиус» (повтор)
17:40 «Неудержимые»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Два ствола»
23:20 «Жапырақтар төгілгенде»
01:00 «31 Әзіл»
02:30 What's up?
03:30 Әзіл студия
03:50 1001 Әзіл
04:00 BALA BATTLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 Т/х «Тақиясыз періште»
07:00 Т/п «Айнаonline»
07:30 Т/х «Ауыл дәрігері»
08:30 Т/с «Доктор Надежда»
09:30 X/ф «Марафон»
11:50 Т/с «На твоей стороне»
14:00 Ток-шоу "Қыздар-Ай"
15:00 Т/п «Қызықты weekend»
16:00 Т/х «Отыңды өшірме»
17:00 Т/х «Оркестр»
17:40 Т/с «Доктор Надежда»
18:50 Т/с «На твоей стороне»
20:50 Т/с «Другие»
23:10 Т/с «Всё могло быть иначе»
00:20 Т/х «Құзғын»
01:20 Ток-шоу "Қыздар-Ай"
02:10 Т/х «Отыңды өшірме»
03:00 Т/х «Қадам»
03:40 Т/п «Айнаonline»
04:10 Т/п «Япырай»
04:40 Т/п «Жеңіп көр»
05:20 Т/п «Қуырдақ»

HTK

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
08:00 Телехикая «Бақытсыздар бағы»
09:20 Әзіл-күлік бағдарламасы «Екі езу»
09:40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)
09:50 «КУНГ-ФУ ПАНДА: УДИВИТЕЛЬНЫЕ ЛЕГЕНДЫ» (мультсериал)
10:10 Шоу «ТАКСИ»
10:40 Шоу «НА НОЖАХ»
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16:00 Сериал «ОРЫСТАР В ШЫМКЕНТЕ»
16:40 «INSTA TV» (каз.)
17:05 «REBVO NEWS» (каз.)
18:00 Шоу «НА НОЖАХ»
19:00 Шоу «ТАКСИ»
19:30 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
20:30 «ПОЛИЦЕЙСКИЙ СЕДАН»
22:40 «СТОРОЖКА»
01:20 Телехикая «Бақытсыздар бағы»
02:30 «Қызық Live» (каз.)
03:10 «REBVO NEWS» (каз.)
03:30 «INSTA LIKE» (каз.)
04:00 – 05:00 «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

7 ҚАРАША

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «ТАНШОЛПАН»
10:00 AQRARAT
10:10 «Қилы күндер», Телехикая.
12:20 «Сезім толқыны», Телехикая.
13:00 AQRARAT
13:10 «Сезім толқыны», Телехикая.
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», Тікелей эфир
14:30 «Қызық екен...»
15:30 «Әйел әлемі»
16:15 «Ауылдастар»
17:00 AQRARAT
17:10 «Қызық екен...»
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехикая.
20:00 AQRARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ»
21:30 «АЛДАНҒАН АРМАН», Телехикая.
23:00 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ», Телехикая.
0:00 AQRARAT
0:35 «Сана»
1:50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Топтық кезең. «МИЛАН» (Италия) – ПСЖ (Франция). Тікелей трансляция



05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ПӨЛЕНШЕЕВТЕР 4"
07:00 ТІКЕЛІ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 "ШКОЛА"
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.
11:45 МУЛЬТСЕРИАЛ. "КОМАНДА ДИНО"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН"
14:00 "АЙНАЛИНЕ"
15:00 "БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ВЕТЕР В ЛИЦО"
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫРҒА СЕН"
21:45 "БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ"
23:00 "ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
00:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ВЕТЕР В ЛИЦО"

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
